

## № 04ХАТТАМА

қамқоршылық кеңес отырысы  
"Ақтан жырау негізгі мектебі" КММ

Өткізу күні: 30.05.2024 .

### Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңес мүшелері-7, мектеп директоры, хатшы

### Күн тәртібіндегі мәселер:

1. Жалпы білім беру қорынан бөлінген қаражаттың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы баларына қаржылай немесе киім кешек, оқу құралдарымен көмек көрсету үшін мақсаттағы жұмсалғаны туралы есеп беру.

2. Ауыл мектебінің бала санының аздығына байланысты жабылып қалу қаупінің алдын алу үшін жасалатын жұмысты ұйымдастыру

### Тыңдалды: мектеп директоры: Абишова А

Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары жасалып, жоспар бойынша іс-шаралар атқарылды. Биылғы оқу жылында дәстүрлі өтіп жатқан «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциясы барысында көмекті қажет ететін оқушыларға оқу құралдары, спорттық киімдермен қамтылды.

Жыл қорытындысы бойынша 5 оқушы жақсы сыйлықтарға иеленді.

Оқу жылынан бастап 1-4 сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтылды. Оқу жылында көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы балаларының тізімін анықтау мақсатында 2 рет оқушылардың тұрмыстық әлеуметтік жағдайын зерттеу жұмысы жүргізілді. Нәтижесінде толық емес отбасы жоқ, көп балалы отбасы-5 аз қамтылған отбасы жоқ екендігі анықталды. Зерттеу жұмысы барысында келеңсіз жағдай анықталған жоқ. Ата-аналар тарапынан да балаларына қолдау көрсетіліп, жағдайларын жақсарту мақсатында жұмыстанып жүргендіктері анықталды, Сынып жетекшілермен үнемі байланыстамын. Сабақтан қалмау, кешікпеу, берілген тапсырмаларды уақытында орындау бәрі де қадағаланып отырады.

«Кәметке толмағандарға қатысты зорлық – зомбылықтың алдын алу туралы» жұмыстар психологпен бірлесе отырып жүргізілді. ПО –ның есебінде «қолайсыз отбасы», «маскүнем» санаттарымен есепте тұрған, өгей әке мен ананың тәрбиесіндегі оқушы жоқ.

Ауыл әкімінің қолдауымен 5 оқушыға спорттық киім, оқу құралы берілді.

Жазғы демалыс уақытында мектебімізде «Балдәурен» жазғы сауықтыру демалыс лагері жұмыс жасайтын болады. Оған 20 оқушы қатысады.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Наурыз мерекесі аясында өтетін «Қайырымдылық» күніне орай, балалардың жазғы демалысын қамтамасыз ету мақсатында «QH жаздық жолдама-2024» қайырымдылық жобасы аясында 2 оқушыға жолдама берілді.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы: Набиев Шаңдыбай: қамқоршылық кеңес мүшелері мектеппен тығыз байланыста болып жоспарлы жұмыстар жүргізгендігі туралы айтып өтті.

Ендігі мәселе мектептің бала санының аздығына байланысты жабылып қалмауы үшін жұмысты ұйымдастыру екендігін айтып өтті.

### Сөйлеушілер:

**Қамқоршылық кеңес мүшесі: Құлданов Б.** Мектеп жабылса ауылдың жағдайы нашарлайды, сондықтан ауыл азаматтарын жинап күш біріктіріп, ауыз біршілікпен жұмыс жүргізейік.

Ауылға көп балалы жанұя шақырайық, келген жанұяларға қолдау көрсетіп, көмек берейік.

**Сағымбаев О:** Бекеннің пікіріне қосыламын қолдаймын.

**Отаров Ж.** өзіміз бастап көшіп келушілерге малдан, шөптен көмек көрсетейік. Айтылған пікірге менде қосыламын, қолдаймын.

**Қамқоршылық кеңестің төрағасы: Набиев Шандыбай**

Кеңес мүшелерінің пікірін қолдап ауыл азаматтарын жинап ақылдасып, жұмыс жүргіземіз.

Әрі қарай Қамқоршылық кеңес төрайымы, кеңес мүшелері мектеп әкімшілігімен ынтымақтастықпен жұмыс жасауға, балаларға жасалып жатырған қамқорлықтар үшін ризашылықтарын білдірді.

### Қаулы:

1. Жалпы білім беру қорынан бөлінген қаражаттың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балаларына қаржылай немесе киім кешек, оқу құралдарымен көмек көрсету үшін максаттағы жұмсалғаны туралы есеп беру хабарламасы қанағаттандырылсын.

2. Ауыл мектебінің бала санының аздығына байланысты жабылып қалу қаупінің алдын алу үшін, ауыл азаматтарын жинап пікірлесіп шешу жолдарын ұйымдастыру жұмысын жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Набиев Ш. Набиев Ш.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы: Медиева Г.Б. Медиева Г.Б.

1. Набиев Ш – кеңес төрағасы
2. Қошаманов Ғ.Е – кеңес мүшесі
3. Құлданов Б.Е – кеңес мүшесі
4. Отаров Ж.О – кеңес мүшесі
5. Молдашова М.Ж – кеңес мүшесі
6. Ержанова К.Т – кеңес мүшесі
7. Сағымбаев О – кеңес мүшесі

Набиев Ш.  
Қошаманов Ғ.Е.  
Құлданов Б.Е.  
Отаров Ж.О.  
Молдашова М.Ж.  
Ержанова К.Т.  
Сағымбаев О.